

Қ. Мәдібаева

АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ

Ақын атаулы өлеңмен ғұмыр кешіп, өлеңге өзек өртеген өкінішін құйып, өкпесін артып, сұлу таңдай таза, жарық үмітін жалғап, өмірге ғашық алапат жырларымен жасайды...

Арамыздан кеткеніне жыл уағы өткен Бақыткерей Ысқақ «Өлеңнің тууы» атты жырында:

*Өлең боп сөздің түсуі,
Қып-қызыл жалау-темірді,
Күйдіріп басып тіліңді,
Күлімдету өмірді.
Күңіреніп кеудеңді,
бауырыңды езгілеп
Елге беру бойдағы, өліп-өшкен сезімді, –
десе – өлеңнің отымен шын күйгені...*

Ақын өлеңге қайырылып соғып, қайта бір баға береді.

*«Өлең – сөздің патшасы!»
деген Абай қиналып,
Отырса да тірлікте
етек-жеңі жиналып
Өлең – сөздің құлы зой
кезіп жүрген телміріп,
Қыста тоңып, жазында
қаңғып келген күн қағып.*

Бақыткерей Ысқақтың бір жыр жинағы – 2003 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Қайыңдышоқы».

Зуылдаған, зымыраған тоқтаусыз өмірдің асығыс көшінде ақтарып оқуға «қол тимей» жүрген.

*Еш пенде соңына жетпеген,
Жерімдей жаңарып – көктеген.
Теңіздей таусылып кеппеген,
Жамандық жанынан кетпеген, –*

деп сұлулыққа жыр бағыштап өткен ақын жинағын ақыры оқып шықтым.

«Қайыңдышоқы» жан жарып шыққан, әр бағыттағы, замана болмысы, арғы ата-бабаның тарих-тағылымы, замандастың жан әлемі, туған жердің тынысы дарыған туындылардан құралған.

Ақындықтың арымайтын көшіне алысқа бет алған керуенімді қосам деп бала кезден ынтық болған Бақыткерейдің қатарластарының көпшілігі әдебиет әлемінде өз тұғырын тапқан мықтылар. Ат арытып, су жалдап өтетін өлеңнің бейнетті жолында ақын Бақыткерей Ысқақ ешкімнің артық біткен ақындығын күндемеген, қызғанып, қызарақтамаған.

«Қайыңдышоқыдағы» «Темірханға», «Жұматайға», т.б. арнау өлеңдер оның досқа адал, таза жанын аша түскен.

*Қашан да іздейміз барды ақтарып,
Айтамыз көп шындықты алдап барып», –*
дейді ақын серпінді, сезімді «Қамшыгер» өлеңінде.

Қамшыгердің көзінде қамшы ақынды арқаландырып, шындыққа шырылдап араша түсуге тартады.

«Әулие ағаш» өлеңінде лирикалық Мен тағы да туған елінің, туған жерінің киесін, қадірін толғайды.

*Сылап, сипап, арса-арса бұтақтарын,
Босатпайтын су ішіп, бұлақ маңын.
Дастарханын далаға жайып тастап,
Ата-бабаң отырған, қарақтарым!*

Әулие ағаш – жаудан да, жай отынан да аман қалған ұлтының киелі болмысы.

*«Қайыңдышоқы»
Қайыңды тау,
Арғын-қыпшақ мекені,
Көздеген жер, таңдап атқан текені,
Шегінеді боз тұманды жамылып,
Қалампырлы, бүлдірген сай етегі.*

Бұл өлең – уақыт пен кеңістік астасқан сәтті туындының бірі. Ақын заманалар көшінде ел панасы болған Қайыңдышоқыдан жансауға іздейтіндей.

*Басын қосқан исі қазақ – қонысы,
Жеткізбейді Қайыңдының шоқысы.
Шығу арман – жан жұтамай тұрғанда
Ай, жұлдыздың – қатар келмей тоғысы.
Қол созым жер...*

Тұр Қайыңды шоқысы!

Адамның дүние қуған көр-жер толған бос қаптан, қорғансыз жалғыздықтан жаратылыстың нұр қуаты сіңген өктем күшіне айналар бір тұсы – туған жермен сағынып қауышқан сәт.

Қайыңдышоқы – лирикалық кейіпкердің жер кіндігі. Табан тіреген тіршілік тұғыры.

Арқа-жарқа алаңсыз қуаныш жылдар өте келе ызғарлы шындықтан ығысады, кернеуін кемітіп, көңілге көлеңке үйіріледі.

*Әрекетсіз ғұмыр кешу тірлік пе,
Қол ұшын бер, қол жеткендер билікке.
Бекзаттығын, Берекесін – халқымның
Көрмек болып – өрмелеймін биікке.*

Өзі ғұмыр кешкен кезеңнің аяқ асты құбылған мінезі ақынға аяздай батады. Көп

дүниеге үрке караған, ақын кеудесін үрей кеулеген сәттердің де сырын сыртқа өлең жайған.

Оның өлеңдерінің басым көпшілігі өмірдің қуатын тереңге үйірген күнделікті баяу ағысымен қарапайым өрімге тартылады.

Өлеңдік өрнек, өлшем, өлең өру тәсілдерінде анау айтқан мен мұндалап тұрған жаңашыл сипаттар байқала бермейтіндей көрінгенімен, ақын Бақыткерей Ысқақ өлеңдерінің өзіндік бітімі, көпке еліктемеген, дүние болмысты дара танымымен пайымдау бағытында жатыр. Жаратылыстың мың-сан құбылысының әлдеқандай бір жұмбағын жарқ еткен сәтінде аулап қалған тұстар ақындық алымын айғақтайды. Әсіре пәлсапа, езіліп, егілген жасанды тәтті мұңға тұншықпайды. Қысқа, жинақы өлеңдерде салмақ бар. Сабырға бой алдырған салиқалы ой бар.

Ұшпа желдей үйіріп әкеп, ұйқаспен ұстатып, сәлден соң жылт еткен ұшқын ұмыт болатын ұрымтал тәсілмен туған, әккі ақындықтың айласын іздемеген.

Бақыткерей Ысқақтың «Қайыңдышоқы» жыр кітабы шашырап түскен маржандай таза өлеңдерімен тартады.

Теледидардан Үндістандағы жақұт кеніші туралы деректі фильм көрсеткен. Жақұт тастың ат басындай алтын күйінде кездесуі мыңның бірінде болатын көрінеді.

Асыл тас кенішінің қазба байлығының басым бөлігін құрайтын, бағасы бәрібір құнды майда тастар екен. Кеніштің құйылған құмы мен сірескен қара тасының арасынан ара-тұра көз қуантып, жарқ-жұрқ етіп ақтарылып түсетін жақұт тастарындай өмірдің өлеңге түскен таза суретімен жүрек баурап әкететін сәтті оралымдар ақын Б. Ысқақ поэзиясының өзіндік бір ерекшелігі, дара сипаты.

Қазақтың ақиық ақыны Хамит Ерғалиевтің поэзиясында қарабайырлау жыр жолдарын іліп алып, жоғары көтеріп әкететін найзағай сынды қуатты, күннің шуағындай сәулелі тіркестер болатын еді...

Ақын уақыт, болмыс ақиқатымен бетпе-бет қалғанда, жан арпалысына түскен, торыққан бір сәттерде, жансауға іздеп шарқ ұрған мазан шақта өлеңге мұң төгеді. Кейде оның елінің ендігі еркін өмірінен жан қанағатын тауып марқайғанынан гөрі жан алаңы дүмпіген, жан айқайы ащылау шыққан жырлар басым.

Арыздана, ашынып, айғайлап сөйлеп әңгіме қуа бермейтін біртоға мінез ақын жүрек түкпіріндегі шыны мен сырын жасыра алмайды. Тағы бір ой қамап, оңаша торыққан сәттерде

ақын қадірі асқан даналардан қалған сөзге құлайды.

Жүйке тозса, Адамның оңбайды ісі,

Кімнің ерте келеді кәртайғысы.

«Шық саятқа жігерлен,

Қыран құстың

Қанатында қалады – Ер қайғысы!» –

деген менің елімнің – қариясы.

Өртегенде өзегін жан саясы...

Ақын жырларында жансыз затта жандының кейпін беретін поэтикалық тәсіл өнімді, ұтымды қолданыс тауып отырады.

Мамыр желі құлан таза,

Құбылады нұрланып.

Басын тығып қоламтаға

Көсеу кірген сұрланып.

Оның өлеңінде көктем таяп қалған сәтте желек шәлі жамылған қайың қыздар тау басынан төмен сырғып, жылжып қалаға кіреді. Жаз келіп, ақ теректер бұлғақтап, бұрымдай тарқатылып, жүз өріліп басын шайқап асқақтайды. Қоғалы көл, көгілдір аспан, дауылды теңіз, қара орманның – бәрі-бәрінің тірі кейпі жан аулайды.

Жинақтағы өзегін өмірден алған суреті бедерлі, бояуы айшықты, жүрекке жылы өлеңнің бірі – «Оят жаңбыр».

Құйыл жаңбыр,

төгіл жаңбыр, бұрымыңды тарқатып,

Атырапты,

топырақты, жіберді аяқ шаңдатып.

... Жатқан тылсым,

Тазартылсын, сай-саланы аршыңдар,

Ұйқылы-ою

тірлік баяу, қалай жүрген жансыңдар.

Табиғат құбылысын, тіршілік әрекеттерді жалпы адамзаттық мұраттармен, лирикалық қаһарманның көкейтесті мүдделерімен астастыра, емеурінмен айтуға ұмтылысы ақын өлеңіндегі өзіндік бір қыры.

«Ақ диірмен» өлеңіндегі адамның еңбек сәті өлең жолдарына мінсіз жасалған қолтума заттай шеберлікпен ашылған.

Кіндігіне бақалақ, тығырық сап,

Тұтқа сабын жіп орап нығырықтап,

Тарттым түнде жүрелеп, ақ диірменді,

Күндіз қолым тимесе – іңір ұйықтап.

Ұяға сап уыстап ақтағанды,

Ықылықтап, ыңылдап салғам әнді.

Бір ырақпен диірменді дөңгелетіп

Желп-желп етіп түсетін тартқам дәнді.

Ақын өмір арқалатқан тіршілік жүгін, бас-тан өткен арғы-бергіні диірмен таспен астастыра отырып ой түйеді.

*Диірмен тастай – Дүние... көріп келем,
Жаратқанның жазғанын маңдайыма!*

«Жұрттағы үй». Бұл өлеңде өткен ғасырдың 90-жылдары қаңырап, қаусап қалған ата жұрттың жайы, өмір суреттері кино лентасындай көз алдыңнан өтеді.

Жан мұңы, жан алаңы, жан айқайы тұтасып түскен, шашау шыққан артығы, олпы-солпысы жоқ жұмыр өлең.

*... Қария қарттар жоқ бүгін,
Теңейміз бәрін асылға.
Атадан қалған көз мүлкін,
Жоғалттым өткен ғасырда.
Қабырға қалған сойдып,
Қамшы, тымақ ілінген.
Пеи орны жатыр монтиып
Әжелер белі бүгілген...*

Ақын Бақыткерей Ысқақ шығармашылығындағы үзілмеген желі, тұғырлы арқаудың бірі – Ауыл. Ауыл – қазақтың тарихи тұғыры. Тіршілік діңі. Ауыл – елдің іргесі. «Ел іргесі аман болсын» деген тілек болған халықта. Бейопа уақыт, бейдауа құбылыстар, бейберекет әрекет.

Ақын ауылды, оның аңқылдаған алаңсыз Адамын, Азаматын іздейді. Атадан қалған асылды жоғалттық дейді.

Өңкей келісімге құрылған кербез өлең жасаудың сәті әрдайым түсе бермесі анық.

Асқақтамай, аспандатпай, ой ойнатпай отырып-ақ тіршілікке тепсініп төрелік айтудан гөрі шындықпен астасқан өмір, әлеумет жайын қозғау дағдысы, машығы – ақын өлеңінің атап өтер бір ерекшелігі.

Пәлсапа төгіп ділмарсымайды. Өзінің орнын біледі. Жанын ашады. Жаратылыс қалпымен тіршіліктен сезген, түйгенін өлеңге төгеді.

Бақыткерей Ысқақ өлең жасаудың қитұрқыларына аса құштар емес. Кеуде тербеген сезім серпіліп сыртқа шыққанда көзімен көргенінен, жанымен сезінгенінен тіршілік адам пендеге арқалатқан ауыр жүкті азайтудың амалы – өлең туады. «Жұрттағы үй» – ауылдың азасы.

*Жым-жырт малсыз айдала,
Келмейді ешкім бұл жерге.
Жасындай көздің жол ғана
Төгіліп жатыр өзенге.
Кесіртке кірді қуысқа,
«Қожасы Мен, – деп, – сарайдың»...
Гүрілдеп ұшқан дауысқа
Жұтаған жұрттан қараймын.*

«Реанимацияда» сынды туындылар ақынның өмірдің былайда байқала бермейтін елеусіз

құбылыстарынан өлең жасау ептілігін көрсетіп жатады.

*Ақ түтектер көк тамырдай тарбиып,
Жатыр маған шыны-шыны қан құйып.
... Ана сүтін, жүрегімнің қорегін,
Бүлдірдім-ау, қалған өмір – тірі өлім.
Шыны-шыны (жынға толы шараптай)
Адам қанын –
Ішіп жатыр – жүрегім!*

Ақын кейде өзінің қалпын былайша жеткізеді.

*Жұмбақ жанның,
ұстай алмай ұсқынын,
Көлеңкемді қуып жүрген Адаммын.*

Бұл күй жалқы пенденің ғана басындағы жай болмаса керек...

Жер басып, бастан қилы күй кешіп, күн кешіп жүрген жан иесінің таным, пайымы жатқан жыр жолдарында жатқан өмір уағызы елең еткізеді.

*Бәрі де орынды тіршілік,
Жатса да теңіздер күрсініп.
Тышқан да тірлігін жасайды,
Ініне бір кіріп, бір шығып.*

«Өмірдің тоғыз баллдық толқындары» – дейді ақын бір арпалыс сәтті жүрек шынысынан өткізіп отырып.

«Қарлығашым» өлеңінде ақын адам баласының құс қанатты туысы – қарлығашты іздейді. Құт мекен ауыл қаңырап қалғанда көрінбей кеткен қарлығашын іздеп шарқ ұрған көңілдің жыры кім-кімге де таныс күйдің, таусылмайтын мұңның сырын шерткен.

*Қарлығаш құсым, қай жақта жүрсің,
келмедің туған ауылға.*

*Қанатың талып, қайратың қайтып,
қалдың ба дауыл, жауында.*

*Құз-жардан таппай, есікті жаппай,
отырмын басым салбырап.*

*Ақ тамақ құсым, жылайды ішім, аспан-
жер қалды қаңырап.*

*Қарсы алып қырдан, зуылдап алда,
ұшпайсың*

бірің бұл күнде,

*Тартынып барған, оралмай қалған, келіндей
кеткен төркінге.*

«Қыпшақ тілінде» ақын жүрегін бабалардан қалған бас қазына, баға жетпес асыл – ана тілдің, ата сөздің жайы, арғы өткен заманалардағы елдік, ерлік дәстүрлері қозғайды.

Азаттығымен, Ар намысымен, арғы тарихымен, тіршілік үнімен, ақсандық қазына, айбатымен астастыра келіп айтылған тоқтамдар елең еткізеді.

Ана тілім –

Бабамның таза қаны.

«Асыл сый» – өмір жайлы тобықтай түйін, тоқтамнан туған, ақынның ой кеңістігінің шекшеңбері, шеберлік-ізденіс алымы анық түскен өлеңінің бірі.

Тұрмысыңмен тірлікте альяндайсың,

Қанша секір, бойыңнан аса алмайсың.

Енді бірде ақын өмірдің аяқ асты, тосын «сыйы» – басқа түскен бейнет, айтып келмейтін ауыртпалық туралы толғайды.

Жігіт едім, тұрмайтын қолды-аяққа,

Көңілім бай, ақы, нұл алмай-ақ та.

Бір пендеге арамдық ойламай-ақ,

Шыға келдім таянып ақ таяққа.

Дос сыйлаған асыл таспен зерлеген – шұбар таяқ қанша құнды болса да, бір басқан екі аяқ – арман.

Жылдан жылға, жинақтан жинаққа ақындық алымы, дүниетаным ауқымы өзі айтқан «Есілдің мырза толқынындай» шалқары шымырлап, айдыны қаныға түсіп жыр жазған Бақыткерей Ысқақ дүние-болмысқа жанарын тіктеп сергек сезіммен қарап, ой аулап, құлағын түріп сыр тындап адамдық таза қалпымен ғұмыр кешкен.

Оның өлеңдері тіршіліктің тарау-тарау қисындарымен сабақтасып, тұтасып жатыр. Ненің жайын сөйлесе де ақын жанымен ақтарылып, ашынып отырады. Оның әсіресе

кейінгі кезеңде туған жырларында кімге де болса соқпай өтпейтін тіршіліктің шуақ сәулесі де мол, дүние болмыстың бет қарыған ызғары, суық шындығы да аз емес. Ақын айнала өмірдің ақиқатына алыстан көз салып, көлгірсіп төрелік айтпайды, жүрекпен сөйлейді.

Тұралаған тұрмысқа амал бар ма,

Берекесіз пенденің беделіндей...

Атамекеннің аңы мен құсын, аспаны мен даласын, ақ қайыңды орманын, асқар тауын, алыста қалған ауылын айтқанда асқақтап, арқаланып, алқып, шалқып жыр төгетін, туған жердің қара тасынан жылу сезінетін, жұмсақ, жұмбақ бір күйге бөгетін ақын, бір сәт бүгінгі уақыт таңбасы айқын түскен өлеңдерге ойысады да, аяусыз ақиқат, азаматтық аңсар астасқан әлеуметтік арқауы шымыр өлеңдерімен шығармашылық өрісінің өзіндік белестерін танытады.

1. Ысқақ Б. Қайыңды шоқы. – Алматы: «Жазушы». – 2003. – 305 б.

2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат». – 1993. – 325 б.

3. Шапай Т. Шын-жүрек, бір жүрек. – Алматы: «Жазушы». – 2001. – 189 б.

В статье «Поэтический мир» рассматриваются особенности поэзии Бахыткерей Искака.

The article is concerned with peculiarities of poelvy of Bakhtigerei Iskhaha Life in world of poetry.

Е. Н. Гасымова

ПУБЛИЦИСТИКА ИЛЬЯСА ЭФЕНДИЕВА В 50-Е ГОДЫ XX ВЕКА

Народный писатель Азербайджана Ильяс Эфендиев был одним из мастеров слова, чья актуальная по содержанию, тематически многогранная публицистика, наряду с прозой и драматургией, составляющими материнскую линию его творчества, сыграла значимую роль в развитии азербайджанской общественной мысли и литературного сознания с 40-х годов XX века до наших дней.

Публицистика 50-х годов глубоко образованного, широко эрудированного и обладающего богатым жизненным опытом И.Эфендиева органично сплетена с формированием и развитием азербайджанской литературы, его творческими проблемами. Публицистика И.Эфендиева характеризуется своей от-

крытостью, масштабом, искренностью и, при необходимости, резкостью.

В статьях требовательного и скромного писателя нашли свое отражение важные стороны многовековой азербайджанской литературы, современный литературный процесс, вопросы драматургии и театральной критики, своеобразное мнение о русской и мировой литературе. В статьях, написанных писателем в разные годы, господствует ясность позиции, сильная логика, опирающаяся на весомые доводы. Обращение И.Эфендиева к публицистике в 50-е годы XX века приобрело актуальность как общественная необходимость жизненной среды, эпохи, в которой он жил и писал. В этот период публицистическое слово